

«Қазақстан қаржы ұйымдары қауымдастығы»
Занды тұлғалардың бірлестігінің
2015 жылғы «15» сәуірдегі жалпы жиналысы

№ 3 шешімімен
«БЕКІТІЛГЕН»



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
АЛМАТЫ АУДАҢДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАНДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
2015 ж. «24» 10 өткізді
№ 11433-1910-02-МЕ куәлік
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАТИНСКОГО РАЙОНА
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
- 24 - 10 20 15 г.
свидетельство № 11433-1910-02-МЕ
БСН/БИН 151040022548

«Банк омбудсманның кеңсесі»
жеке меншік мекемесінің
Жарғысы

Алматы қ.
2015

1-бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Банк омбудсманның кеңсесі – бұл қаржы қызмет тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын банк омбудсманның қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған коммерциялық емес ұйым.

1.2. Ұйымның ресми атауы:

Толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Банк омбудсманның кеңсесі» жеке меншік мекемесі;

орыс тілінде: Частное учреждение «Офис банковского омбудсмана».

ағылшын тілінде: Private institution «Office of banking Ombudsman».

Қысқаша атауы:

мемлекеттік тілде: ЖММ «Банк омбудсманның кеңсесі»;

орыс тілінде: ЧУ «Офис банковского омбудсмана»;

ағылшын тілінде: PI «Office of banking Ombudsman».

1.3. «Қазақстанның қаржы ұйымдары қауымдастығы» заңды тұлғалардың бірлестігі (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67, 22.09.2014 жылғы №27627-1910-ОЮЛ мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) Банк омбудсманы кеңсесі құрылтайшысы болып табылады.

1.4. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әйтеке би к-сі 67.

1.5. Мекеме шектеусіз мерзімге құрылған.

2-бап. ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Банк омбудсманның кеңсесі Қазақстан Республикасы (бұдан былай - ҚР) заңнамасымен сәйкес, жеке меншік мекеме (бұдан әрі – Мекеме) нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады, жедел басқару құқығы негізінде дербес мүлікке ие және өзінің міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді.

2.2. Мекеме Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес коммерциялық емес ұйым болып саналады.

2.3. Мекеме мемлекеттік тіркеуден өтіп және бұл туралы жазба ҚР Бизнес - сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін заңды тұлға құқықтарына ие болады.

2.4. Мекеме өз қызметінің мақсаттары ретінде кірістерді көздемейді және Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың міндетті жарналары есебінен қаржыландырылады.

2.5. Мекеме қолданыстағы заңдармен белгіленген шеңберде өзінің мүлкіне ие болуды, пайдалануды және иелік етуді жүзеге асырады.

2.6. Мекеме толық шаруашылық дербестікке ие болып, өзін-өзі басқару негізінде қызмет етіп, дербес балансы, банктерде ағымдағы шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде өзінің атауы көрсетілген мөрі, логотипі, бланкілері және басқа да атрибуттары бар.

2.7. Өзінің атынан мәмілелер жасауға, мүліктік және мүліктік емес құқықтар алуға және міндеттер тартуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

3-бап. ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

3.1. Мекеменің құрылу мақсаты Банк омбудсманның қызметін қамтамасыз ету, сонымен қатар, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау болып табылады.

3.2. Қызметінің мәні:

- а) банк омбудсманы іс қағаздарын жүргізуды ұйымдастыру, ақша және материалдық құндылықтарының есебімен қозғалысын қамтамасыз ету;
- б) банк омбудсманы институты қызметін жетілдіру жолында ішкі құжаттарды жасау;
- в) банктік қызмет көрсету шарттары бойынша келіспеушіліктерді сотқа дейінгі реттеу бойынша құжаттардың экономикалық және заңдық талдауын (сараптамасын) өткізу;
- г) банктік қызметтерді көрсету шарттары бойынша дауларды сотқа дейін реттеу саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша жұмысқа қатысу;
- д) халықтың қаржы және заң сауаттылығын арттыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру, консалтингтік және ақыл-кеңес беру қызметін жасау;
- е) халықаралық, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен бұқаралық ақпарат қызметтерімен банк омбудсманның өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету;
- ж) банк омбудсманы қызметін қамтамасыз ету бойынша басқа да міндеттерді орындау.

4-бап. ҚҰҚЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕР

4.1. Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мекеме:

- 1) банк омбудсманның қызметін қамтамасыз ету үшін банктік, қаржылық және басқа да ұйымдардан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрау;
- 2) қаржы қызметтерін дамыту және оның тұтынушыларының құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өз бетімен немесе шеттен басқа ұйымдарды тарта отыра, басылымдармен анықтамалық-ақпараттық және сараптамалық ақпараттарды дайындауға және басып шығаруға;
- 3) банк омбудсманы кеңсесі қызметін ұйымдастыру және дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 4) заңмен бекітілген тәртіп бойынша банктерде шоттар ашуға;
- 5) мемлекеттік және орыс тілдерінде ұйымның толық атауы бар мөрі, мөртабаны және бланкілері, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген эмблемасы (нышаны) болуына;
- 6) меншігінде немесе оралымды басқаруында оқшауланған мүлкі, сондай-ақ дербес балансы немесе сметасы болуға;
- 7) мүліктік құқықтар және жеке мүліктік емес құқықтарды иелену және жүзеге асыруға;
- 8) филиалдар және өкілділіктер ашуға;
- 9) одақтар мен қауымдастықтарға кіру және олардың қызметіне араласуға;
- 10) жарғыда көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыру үшін қаражаттарды пайдалануға;
- 11) сотта талап қоюшы және жауапкер болуға;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшылық келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

4.2. Мекеме:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;
- 2) Жарғымен сәйкес әрекет етуге;
- 3) оның банктік қызмет көрсету шарттарынан туындайтын келіспеушіліктерді реттеу бойынша қызметін қамтамасыз ету бойынша банк омбудсманына шынайы және сапалы ақпаратты ұсынуға;
- 4) салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді заңнамамен анықталған тәртіппен төлеуге;
- 5) қаражатты (алынған жарналарды) жарғыда қарастырылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін пайдалануға;
- 6) Қазақстан Ресубликасының заңнамалық актісіне сәйкес жауапкершілікке тартылуға міндетті.

5-бап. МЕКЕМЕНІ БАСҚАРУ

5.1 Жоғары басқару органы – Заңда тұлғалар бірлестігі «Қазақстанның қаржы ұйымдары қауымдастығы».

Мекеменің жоғары басқару органының ерекше құзыретіне:

- 1) мекеменің құрылтай құжаттарын қабылдау, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 2) мекемені ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;
- 3) мекеменің басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, оларды құру және өкілеттіктерін тоқтату тәртібін айқындау;
- 4) атқарушы органдардың қаржы есептемесін табыс етуінің тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу тәртібін және олардың нәтижелерін бекітуді айқындау;
- 5) заң актілерінде белгіленген шекте мекеменің басқа заңды тұлғаларды, сондай-ақ өз филиалдары мен өкілдіктерін құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау мәселелері жатады.

5.2 Мекемені басқарудың жалғыз органы Мекеме басшысы болып табылады, ол дара басшылық принциптері негізінде әрекет етеді, осы Жарғымен анықталатын оның өкілеттіктерімен сәйкес Мекеме қызметі сұрақтарын өз бетімен шешеді.

5.3 Бақылау органы – тексеру комиссиясы.

5.4. Мекеме басшысы Өкілдер кеңесі шешімінің негізінде "Қазақстанның қаржы ұйымдары қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігі Басқармасының Төрағасы өкімімен бекітіледі.

5.5. Мекеме қызметін жүзеге асыру барысында мекеме жетекшісі:

- а) мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- б) мекеме мүдделеріне мемлекеттік және басқа ұйымдарда өз өкілеттігі шеңберінде өкілдік етеді;
- в) мекеменің ішкі нормативтік құжаттарын бекітеді;
- г) ҚР-ның заңнамасына сәйкес келісім-шарттардың барлық түрлерін жасайды (мекеме атынан қол қояды);
- д) мекеме штаты мен құрылымын бекітеді;
- е) өз өкілеттігі шеңберінде бұйрық шығарып, Мекеменің барлық қызметкерлеріне міндетті нұсқауларды береді;
- ж) мекеме қызметкерлерін қызметке тағайындап және қызметінен босатады;
- з) жеке тұлғалардың арыздарын уақытылы қарастырылуын қамтамасыз етеді;

и) мекеме қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін (лауазымдық нұсқаулық) бекітеді;

к) Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінде және осы жарғыда қарастырылған басқа да міндеттерді орындайды.

6-бап. МЕКЕМЕНІҢ МҮЛІГІ

6.1. Мекеме жедел басқару құқығында оқшау мүлікке ие.

6.2. Мекеменің қаржыландыру және мүлігінің құрылу көзіне келесілер жатады:

а) операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың міндетті жарналары;

б) Қазақстан Республикасы заңнамасы тыйым салмайтын басқа көздер.

7-бап. МЕКЕМЕНІҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЙТА ҚҰРУДЫҢ ЖӘНЕ ТОҚТАТУДЫҢ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

7.1. Мекеме ҚР қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіппен құрылтайшы шешімі бойынша қайта ұйымдастырыла алады.

7.2. Мекемені қайта ұйымдастыру ҚР қолданыстағы заңнамасымен сәйкес, қосылу, бірігу, бөлу, бөліп шығару және қайта құру нысанында орындала алады.

7.3. Мекеме жаңадан құрылған ұйымның мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап қайта ұйымдастырылған болып есептеледі.

7.4. Мекеме өз еркімен, құрылтайшы шешімімен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған негізде және тәртіппен мәжбүрлі түрде (сот шешімі бойынша) таратыла алады.

7.5. Мекемені тарату туралы шешім қабылданған уақытта, құрылтайшы мекеме мүлкіне меншік құқығын сақтайды, тарату комиссиясын тағайындайды және тарату тәртібі мен мерзімдерін анықтайды.

7.6. Тарату комиссиясы Мекеменің таратылуы туралы, сонымен қатар, ҚР қолданыстағы заңнамасы талаптарымен сәйкес оның кредиторларының шағымдарын қарау тәртібі мен мерзімі туралы ақпаратты жариялайды. Шағымдарды қою мерзімі Мекеменің таратылуы туралы жарияланған сәттен бастап екі айдан кем бола алмайды.

7.7. Кредиторлардың шағым қою мерзімі аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы аралық балансты құрастырады.

7.8. Егер Мекеменің кредиторлар талаптарын қанағаттандыру үшін ақшасы жеткіліксіз болса, тарату комиссиясы Мекеменің мүлкін бекітілген тәртіп бойынша жария саудада сатады.

7.9. Мекеме кредиторларына ақшаны төлеуді тарату комиссиясы ҚР Азаматтық кодексімен қарастырылған кезектілік тәртібімен орындайды.

7.10. Кредит берушілермен есеп айырысу аяқталған соң тарату комиссиясы тарату балансын жасайды.

7.11. Таратылатын мекеменің ақшасы кредит берушілердің талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда, сотқа жүгінуге құқылы.

7.12. Мекемені тарату заңнамамен анықталған тәртіппен жүзеге асырылады және өзінің қызметін бұл туралы жазба Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін тоқтатады.

8-бап. ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ҚОСЫМШАЛАРДЫ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1. Осы жарғыға өзгертулер мен қосымшалар жазбаша түрде ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес құрастырылады және құрылтайшының шешімімен енгізіледі.

8.2. Мекеменің жарғысына енгізілетін өзгертулер мен қосымшалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мемлекеттік уәкілетті органдарына тіркеу үшін тапсырылады.

Банк омбудсманы кеңсесінің басшысы



Е.Д. Сиырбаев